

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 тамыздағы N 785 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 2079 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Президенті", "Жоғары үкіметтік" және "Үкіметтік" санатындағы жеделхаттарды жіберуге құқығы бар тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 тамыздағы N 785 қаулысына мынандай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Президенті", "Жоғары үкіметтік" және "Үкіметтік" санатындағы жеделхаттарды жіберуге құқығы бар тұлғалардың тізбесінде:

"3. "Үкіметтік" санатындағы жеделхаттар" деген бөлімде: м ы н а :

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттің атқарушы директоры "

"Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы" деген жолдар алынып тасталсын; м ы н а :

"Барлау" қызметінің директоры" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметінің директоры"; мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Бас хатшысы.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*